



## ЖАҢАЛЫҚТАР

3

### ЕСЕП КОМИТЕТИ

Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының жекелеген бағыттар бойынша іске асырылу тиімділігін талдау

А.В. Горяинов

7

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларының жалпы мемлекеттік жүйесіне қатысуы

И.Л. Ақпомбаев

23

Preliminary assessment of the draft national budget in the Republic of Kazakhstan

Kh. Kambarova

31

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамытуға бөлінетін бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі бойынша мәселелер

Т.А. Жақан

32

### «ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМК

Мемлекеттік аудитке көшу жағдайында «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК 2016 жылғы қызметінің негізгі нәтижелері

А.З. Мурзин

34

Мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу. Институтцияландыру мәселелері.

Т.А.Алпысбаев

42

### МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Мемлекеттік аудиттің ықпал ету өлшемінің индикаторлары

А.Ж. Мұхамедиева

54

### ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ

Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру: азаматтарға арналған бюджет

И.А. Рубашина

66

## НОВОСТИ

3

### СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ

Анализ эффективности хода реализации Государственной программы инфраструктурного развития «Нурлы жол» на 2015 - 2019 годы по отдельным направлениям

Горяинов А.В.

15

Участие Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета в общегосударственной системе мер по борьбе с коррупцией

Ақпомбаев И.Л.

27

Вопросы эффективности использования бюджетных средств, выделяемых на развитие высшего и послевузовского образования

Жақан Т.А.

33

### РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»

Основные итоги деятельности РГП «Центр по исследованию финансовых нарушений» за 2016 год в свете перехода на государственный аудит

Мурзин А.З.

38

Аудит эффективности использования государственных активов. Вопросы институализации.

Алпысбаев Т.А.

47

### ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ

Индикаторы измерения влияния государственного аудита

Мұхамедиева А.Д.

59

### УПРАВЛЕНИЕ ФИНАНСАМИ

Формирование подотчетного государства: бюджет для граждан

Рубашина И.А.

70

24.01.2017

## Елбасы Есеп комитетінің Төрағасы Қозы-Көрпеш Жаңбыршинді қабылдады

Мемлекет басшысына Қ.Жаңбыршин Есеп комитетінің 2016 жылғы жұмысының негізгі нәтижелері, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған міндеттері туралы баяндады.

Бұдан бөлек, Есеп комитет төрағасы Қазақстан Президентін «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңның іске

асырылуы жолында қабылданып жатқан шаралар жөнінде хабардар етті.

Сонымен бірге, Қ.Жаңбыршин Есеп комитетіндегі және мемлекеттік аудит нысандарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шаралары жөнінде мәлімдеді.

Соңында Есеп комитетінің төрағасы Мемлекеттік аудитор

біліктілігін алудан үміткерлерді сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссияның 2016 жылғы атқарған жұмысы туралы айтып берді.

Нұрсұлтан Назарбаев кездесу соңында бірқатар нақты тапсырма берді.

**ҚР Президентінің  
баспасөз қызметі**

24.01.2017

## Глава государства принял Председателя Счетного комитета Козы-Корпеша Джанбурчина

К.Джанбурчин доложил Главе государства об основных результатах работы Счетного комитета за 2016 год и задачах на предстоящий период.

Кроме того, Председатель Счетного комитета проинформировал Президента Казахстана о мерах, принимаемых в реализацию Закона

«О государственном аудите и финансовом контроле».

Наряду с этим, К.Джанбурчин сообщил о мероприятиях по противодействию коррупции как в рядах Счетного комитета, так и на объектах государственного аудита.

В заключение Председатель Счетного комитета доложил о проведен-

ной в 2016 году работе Национальной комиссии по сертификации лиц, претендующих на присвоение квалификации государственного аудитора.

По итогам встречи Глава государства дал ряд конкретных поручений.

**Пресс-служба Президента РК  
31.01.2017**

## Есеп комитетінің және облыстар мен Астана қаласының тексеру комиссияларының қызметкерлері мемлекеттік аудит саласындағы халықаралық сертификаттарға (CIPFA) ие болды

Азиялық Даму Банкінің қолдауымен өткен оқыту CIPFA Сертификатталған мемлекеттік қаржы және бухгалтерлік есеп институтының (Ұлыбритания) бағдарламасының екі модулі бойынша CIPFA және ЕУ Бизнес академиясының («Эрнст энд Янг Қазақстан») оқытушыларымен пилоттық жоба шеңберінде жүзеге асырылды.

Оқыту ИНТОСАИ халықаралық стандарттарымен сәйкес аудитті

өткізу және Қоғамдық сектор үшін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ҚСХҚЕС) сәйкес бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында сыртқы мемлекеттік аудит органдарының әлеуетін және мемлекеттік аудиторлардың кәсібилігін дамыту мақсатында ұйымдастырылған.

Оқытудың қорытындысы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының 30 қызметкеріне CIPFA Public

Auditor халықаралық біліктілігі берілді.

Анықтамалық:

CIPFA мемлекеттік қаржы саласындағы сертификаттауды жүзеге асыратын, әлемдегі бірегей кәсіби ұйым болып табылады.

Оқыту ҚСХҚЕС терең білім алуды және халықаралық қоғамдастық таныған сертификаттар алуды көздейді.

**Есеп комитетінің  
баспасөз қызметі**

31.01.2017

## Работники Счетного комитета и ревизионных комиссий областей и города Астаны стали обладателями международных сертификатов в области государственного аудита (CIPFA)

Обучение, осуществленное при поддержке Азиатского Банка Развития в рамках пилотного проекта, проведено по двум модулям программы Сертифицированного института государственных финансов и бухгалтерского учета CIPFA (Великобритания) преподавателями CIPFA и Академии бизнеса ЕУ («Эрнст энд Янг Қазақстан»).

Обучение организовано в целях повышения потенциала органов внешнего государственного аудита и профессионального развития

государственных аудиторов в области бухгалтерского учета и финансовой отчетности в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности для общественного сектора (МСФООС) и проведения аудита в соответствии с международными стандартами ИНТОСАИ.

По итогам обучения 30 работникам органов внешнего государственного аудита и финансового контроля присвоена международная квалификация CIPFA Public Auditor.

Справочно:

CIPFA является единственной в мире профессиональной организацией, осуществляющей сертификацию в области государственных финансов.

Обучение предполагает получение углубленных знаний МСФООС и получение сертификата, признанного международным сообществом.

**Пресс-служба  
Счетного комитета**

**Есеп комитетінде Азия Даму Банкінің (АДБ) өкілдерімен кездесу өтті**

Кездесуге қатысушылар Қазақстан үшін АДБ серіктестігінің 2017-2021 жылдарға жаңа Елдік стратегиясын дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін, соның ішінде мемлекеттік аудит жүйесін бағалау бойынша АДБ өткізетін жұмыстар шеңберіндегі мәселелері талқылады.

АДБ өкілдері 2015 жылы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы».

Заңның қабылдануына орай Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит және қаржылық

бақылау жүйесіне енгізілген жаңалықтар, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының негізгі міндеттері мен функциялары, Есеп комитетінің қосымша өкілеттіктері туралы хабардар етілді.

Аудиторлық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу, тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалану, Есеп комитеті қызметінің айқындығы мен ашықтығы мәселелеріне ерекше назараударылды.

Сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін

арттыру, мемлекеттік аудиторларды сертификаттау мәселелеріде талқыланды.

Кездесудің қорытындысы бойынша АДБ өкілдері Есеп комитеті қызметінің негізгі бағыттары бойынша одан әрі жемісті ынтымақтастық жасауға қызығушылық танытты.

Азия Даму Банкі - басты міндеті Азия мен Қиыр Шығысқа тікелей қарыздарды бағыттап және техникалық жәрдем көрсете отырып, бұл өңірлерде экономиканың өсуін ынталандыру болып табылатын қаржы ұйымы.

**В Счетном комитете состоялась встреча с представителями Азиатского Банка Развития (АБР)**

Участники встречи обсудили вопросы в рамках проводимой АБР работы по оценке системы государственного управления Республики Казахстан, в том числе системы государственного аудита, в целях подготовки новой Страновой стратегии партнерства АБР для Казахстана на 2017-2021 годы.

Представители АБР были проинформированы о нововведениях системы государственного аудита и финансового контроля в Республике Казахстан в связи с принятием в 2015 году Закона «О государственном аудите и финансовом контроле», об основных задачах и

функциях органов государственного аудита и финансового контроля, дополнительных полномочиях Счетного комитета.

Особое внимание было уделено вопросам планирования и проведения аудиторских мероприятий, использования системы управления рисками, прозрачности и открытости деятельности Счетного комитета.

Также были обсуждены вопросы повышения квалификации работников органов государственного аудита и финансового контроля, проведения сертификации государственных аудиторов.

По итогам встречи представители АБР выразили заинтересованность в дальнейшем плодотворном сотрудничестве по основным направлениям деятельности Счетного комитета.

Азиатский Банк Развития – финансовая организация, главной задачей которой является стимулировать рост экономики в Азии и на Дальнем Востоке, направляя в эти регионы прямые займы и оказывая техническое содействие.

# ЖАҢАЛЫҚТАР

Мемлекет басшысының Жарлығымен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы болып тағайындалды.



Нұрмұхамбет  
Қанапияұлы  
Әбдібеков

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі есеп  
комитетінің Төрағасы

1961 жылы 21 желтоқсанда Қостанай облысының Арқалық қаласында дүниеге келген. Үйленген, екі баласы бар.

1984 жылы Мәскеу тау-кен институтын бітірген. 1989-1993 жылдар аралығында Мәскеу тау-кен институтының аспирантурасында оқыған, техника ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1984 жылы Шилісай фосфорит кенішінде (Октябрьск қаласы, Ақтөбе облысы) бастаған, ауысымды тау-кен шебері, учаске бастығы болып жұмыс істеген.

1993-1995 жылдары – ҚР Ұлттық ғылым академиясы Батыс бөлімшесінің минералды шикізатты кешенді пайдаланудың көлемдерін болжамдау зертханасының аға ғылыми қызметкері болды, Ақтөбе қ.

1995-1996 жылдары – «Қайсаржан»ШЖК директорының орынбасары, Ақтөбе қ.

1996-1997 жылдары – Ақтөбе облысы әкімдігінің Өнеркәсіп және сауда басқармасы отын-энергетикалық кешенді дамыту және минералды ресурстарды игеру бөлімінің бастығы лауазымын атқарған.

1997-1998 жылдары – Ақтөбе облысы әкімдігінің Экономика басқармасы сыртқы экономикалық саясат және инвестициялар бөлімінің бастығы, Экономика басқармасы бастығының бірінші орынбасары.

1998-2002 жылдары – Ақтөбе облысы әкімдігі Экономика басқармасының бастығы болып қызмет жасаған.

2002-2003 жылдары – Ақтөбе облысы әкімдігінің Экономика және индикативті жоспарлау департаменті директоры лауазымын атқарған.

2003 жылы – Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Атырау облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаментінің директоры.

2003 -2004 жылдары – Атырау облысының Экономика және кәсіпкерлікті қолдау басқармасының бастығы болып қызмет жасаған.

2004-2007 жылдары – Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары.

2007-2009 жылдары – «Батыс» ӘКК ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары, Ақтөбе қаласы.

2009 жылы ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі Ғарыш қызметін дамыту стратегиясы департаментінің директоры болып қызмет атқарған.

2009-2010 жылдары – ҚР Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы лауазымын атқарған.

2010 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі болып тағайындалды.

2011 жылғы 26 шілдеден бастап 2012 жылғы 17 ақпан аралығында Ақтөбе қаласының әкімі болып қызмет жасаған.

2012 жылғы ақпан – 2014 жылғы 19 маусым аралығында Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымын атқарған.

2014 жылғы 20 маусым – 2017 жылғы 14 наурыз аралығында – Қарағанды облысының әкімі.

2017 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысының Жарлығымен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы болып тағайындалды.

«Парасат» (2016) және «Құрмет» (2006) ордендерімен, мерейтойлық медальдармен марапатталған.

**Абдибеков Нурмухамбет  
Канапиевич**

Председатель Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета

Родился 21 декабря 1961 года в городе Аркалык Костанайской области.

Женат, имеет двоих детей.

В 1984 году окончил Московский горный институт.

С 1989 по 1993 год обучался в аспирантуре Московского горного института, кандидат технических наук.

Трудовую деятельность начал в 1984 году на Чилисайском фосфоритном руднике (г. Октябрьск, Актюбинской области), работал сменным горным мастером, начальником участка.

С 1993 по 1995 год являлся старшим научным сотрудником лаборатории прогнозирования объемов комплексного использования минерального сырья Западного отделения Национальной Академии Наук РК, г. Актюбинск.

С 1995 по 1996 год – заместитель директора МЧП «Кайсаржан», г. Актобе.

С 1996 по 1997 год занимал должность начальника отдела развития топливно-энергетического комплекса и освоения минеральных ресурсов Управления промышленности и торговли акимата Актюбинской области.

С 1997 по 1998 год – начальник отдела внешне экономической политики и инвестиций, первый заместитель начальника Управления экономики акимата Актюбинской области.

С 1998 по 2002 год работал начальником Управления экономики акимата Актюбинской области.

С 2002 по 2003 год занимал должность директора Департамента экономики и индикативного планирования акимата Актюбинской области.

В 2003 году – директор Департамента индустрии, торговли и поддержки малого бизнеса по Атырауской области Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан.

С 2003 по 2004 год работал начальником Главного управления экономики и поддержки предпринимательства Атырауской области.

С 2004 по 2007 год – заместитель Акима Актюбинской области.

С 2007 по 2009 год – заместитель председателя правления АО «НК СПК «Батыс», г. Актобе.

В 2009 году работал директором Департамента стратегии развития космической деятельности Национального космического Агентства РК, г. Астана.

С 2009 по 2010 год занимал должность председателя Комитета промышленности Министерства индустрии и торговли РК, г. Астана.

В апреле 2010 года назначен вице-министром индустрии и новых технологий Республики Казахстан.

С 26 июля 2011 года по 17 февраля 2012 года работал Акимом города Актобе.

С февраля 2012 по 19 июня 2014 года занимал должность первого заместителя Акима Актюбинской области.

С 20 июня 2014 года по 14 марта 2017 года – Аким Карагандинской области.

14 марта 2017 года Указом Главы государства назначен Председателем Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета.

Награжден орденами «Парасат» (2016) и «Кұрмет» (2006), юбилейными медалями.



# ЕСЕП КОМИТЕТІ СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ



**А.В. Горьяинов**

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі

## Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының жекелеген бағыттар бойынша іске асырылу тиімділігін талдау

Бұл мақала Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының 2015 жыл және 2016 жылғы 9 ай бойынша жекелеген бағыттарда іске асырылу тиімділігін талдауға арналған, мұнда Инвестициялар және даму министрлігі және Ұлттық экономика министрлігі, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың 9 субъектісі талдау объектілері болып табылады.

Түйінді сөздер: «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыру, көлік-логистикалық инфрақұрылым, «шұғыла» қағидаты, индустриялық инфрақұрылым, отандық өндірісті нысаналы қолдау.

**И**нфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді. ҚР Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық жоспар әзірлеу үшін негіздеме болды.

Нәтижесінде, 2015 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің № 1030 Жарлығымен инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 344 қаулысымен инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға

арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ұлттық экономика министрлігі Бағдарламаның әзірлеушісі болып табылады, Бағдарламаны іске асыруға жауапты органдар - жекелеген орталық және жергілікті мемлекеттік органдар.

Сондай-ақ бағдарлама іске асырылған сәттен бастап ҚР Президентінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 255 Жарлығымен Бағдарламаға өзгерістер енгізілді.

Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында (2016 жылғы 15 наурыздағы № 20-5/и-6 хаттама) мақұлданған Елбасының бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың «100 нақты қадамы» Ұлт жоспарының 92-қадамына сәйкес ҚР көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың

2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының негізгі ережелерін «Нұрлы жол» бағдарламасына ықпалдастыру көзделген.

Бағдарламаның мақсаты- Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өрлеуін қамтамасыз ету мақсатында «шұғыла» қағидатында тиімді инфрақұрылым құру негізінде елдің макро өңірлерін ықпалдастыру арқылы бір ыңғай экономикалық нарық қалыптастыру.

Іс-шаралар жоспарында барлық 13 стратегиялық міндеттер бойынша мыналарға:

- 4 нысаналы индикаторларға;
- тікелей нәтижелердің 28 көрсеткішіне;
- 73 іс-шараға қол жеткізу (орындау) көзделген.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенеді .

Нысаналы индикаторлар	Өлш.бірлігі	2015 жоспар	2015 іс жүзінде	2016 жоспар	2016 іс жүзінде
ЖІӨ-нің болжанатын өсімін қамтамасыз ету	алдыңғы жылға%-бен	101,5	101,2	100,5	
«Нұрлы жол» бағдарламасын іске асырудың ЖІӨ өсіміне әсері	пайыздықтар мақтарда	1,83	1,4	1,29	
Жұмыс орындарын құру, оның ішінде:	мың адам	97,2	125,6	95,0	
тұрақты	мың адам	27,3	22,5	23,6	
уақытша	мың адам	69,9	103,1	71,4	
Базалық инфрақұрылым сапасы бойынша ДЭФ рейтингін жоғарылату	әлемдегі орын	61	58,0	60	

Бұдан әрі мәтін бойынша - ҰЭМ

Кесте Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 Жарлығынан алынды

2017 жылғы наурызда Бағдарламаға мониторинг жүргізу кезінде бағаланатын болады(ҰЭМ)

**2015 жылдың қорытындысы бойынша мынадай нәтижелер бар.**

**Бағдарламаның нысаналы индикаторлары бойынша**

4 нысаналы индикаторлардың 2-і бойынша жоспарланған мәндерге қол жеткізілмеген, бұл жоспардың 50%-ға орындалмағандығын білдіреді.

Сөйтіп, «ЖІӨ-нің болжанатын өсімін қамтамасыз ету» атты нысаналы индикаторға алдыңғы жылға жоспарланған 101,5% қол жеткізілмеген, іс жүзінде ЖІӨ-нің өсімі 101,2% құрады.

Жоспарланған көрсеткішке қол жеткізбеу сыртқы нарықтағы қолайсыз конъюнктурамен түсіндіріледі, атап айтқанда: мұнай мен металдарға әлемдік бағаның құлдырауы, Ресейдегі экономикалық дағдарыстың белең алуына байланысты Қазақстанның негізгі сауда серіктестері тарапынан сұраныстың қысқаруы және Қытайдың экономикалық өсімінің баяулауы<sup>4</sup>.

Мұнымен қоса, Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың ЖІӨ өсіміне әсері» атты нысаналы индикаторға да қол жеткізілмеген. Жоспарланған 1,83 пайыздық тармақ іс жүзінде 1,4 пайыздық тармақты құрады.

Жоспарланған көрсеткішке қол жеткізбеу өткен жылы Бағдарламаны қаржыландыру көлемін төмендету жағына қарай түзетумен (түзету есебінен – (-0,16 пайыздық тармақ) және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның облигациялық қарыздары бойынша Ұлттық қордың қарыз қаражатының қолжетімді мерзіміне байланысты қаражатты 92%-ға игерумен (игермеу есебінен – (-0,27 пайыздық тармақ) түсіндіріледі.

Сонымен бірге мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізілді:

«Жұмыс орындарын құру» атты нысаналы индикатор бойынша 97,2 мың жұмыс орындарын құру жоспарланған болатын, іс жүзінде 125,6 мың жұмыс орындары құрылды, соның ішінде

103,1 мың жұмыс орындары - уақытша, 22,5 мың жұмыс орындары - тұрақты.

«Базалық инфрақұрылым сапасы бойынша ДЭФ рейтингін жоғарылату» атты нысаналы индикатор бойынша 61-ші орындалу жоспарланған, іс жүзінде Қазақстан базалық инфрақұрылым сапасы бойынша ДЭФ рейтингінде 58-ші орын алады.

Бағдарламаның тікелей көрсеткіштері бойынша.

2015 жылға орындауға жоспарланған 22 көрсеткіштің 19-на қол жеткізілді немесе жоспар 86,4%-ға орындалды. Тікелей нәтижелердің үш көрсеткіші бойынша («АЭА аумағында кәсіпкерлер салған инвестициялардың жалпы көлемі», «АЭА аумағында тауарлармен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі («ҰИМТ», «Қорғас – Шығысқақпасы»), «Қазақстан Республикасының аумағын отандық тікұшақтарды пайдалана отырып, авиациялық қолдаумен қамту») жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізілмеген немесе жоспар іс жүзінде 13,6%-ға орындалмаған.

Іс-шаралар жоспарының іс-шаралары бойынша.

2015 жылға орындауға жоспарланған 23 іс-шараның нәтижелері:  
- 16 іс-шара орындалған, бұл 23 іс-шараға үлес салмақта 69,6% құрайды;  
- 4 іс-шара орындалмаған немесе 17,4%;  
- 3 іс-шара жартылай орындалған немесе 13 %.

Осылайша, Бағдарламаның нысаналы индикаторларының 50%-на қол жеткізілмеген, оның тікелей нәтижелері 13,6%-ға қол жеткізілмеген, Іс-шаралар жоспарының іс-шаралары 17,4%-ға орындалмаған және 13%-ға-жартылай орындалған.

Бағдарламаны қаржыландыру көздері және көлемі туралы

2015-2019 жылдары Бағдарламаны іске асыруға 5298,2 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлу жоспарланған болатын, соның ішінде мынадай қаржыландыру көздері бойынша:

1) ҚР Ұлттық қор қаражаты - 2 290 млрд. теңге немесе жалпы қаржыландыру сомасының 43,2%;

2) халықаралық қаржы институтының қаражаты – 2754 млрд. теңге (8,1 млрд. АҚШ доллары, 1 АҚШ доллары 340 теңгеге тең болған кезде) немесе жалпы қаржыландыру сомасының 52 %;

3) ұлттық компаниялардың және даму институттарының меншікті қаражаты – 254,2 млрд. теңге немесе жалпы қаржыландыру сомасының 4,8%.

2015 жылы Бағдарламаны іске асыру үшін ҚР Ұлттық қорынан 770,1 млрд. теңге бөлінді, соның ішінде игерілгені - 705,3 млрд. теңге немесе 91,6 %.

2016 жылғы 9 ай бойынша Бағдарламаны іске асыру үшін Ұлттық қордан 739,0 млрд. теңге бөлінді, соның ішінде республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түрінде - 472,8 млрд. теңге және ұлттық холдингтердің облигациялық қарыздары арқылы - 266,2 млрд. теңге.


Мұнымен қоса, ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің 2016 жылғы 20 ақпандағы шешіміне сәйкес, 2016 жылы ҚР Ұлттық қорынан 839,9 млрд. теңге бөлінді.

Бұл ретте Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2016 жылғы 28 маусымдағы шешімімен 70,3 млрд. теңге мөлшерінде уақытша еркін қаражат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның банкаралық кредиттеу тетігі арқылы 2017 жылғы маусымда қайтарыла отырып, өңдеу өнер кәсібіндегі айналым капиталын қаржыландыруға қайта үлестірілді. ҰҚБК-нің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі шешімімен нысаналы трансфертті 30,6млрд. теңгеге азайту жағына қарай түзету енгізілді.

Жалпы 2016 жылғы қарашадағы жағдай бойынша ҚР Ұлттық Қорынан бөлінген сомалар бойынша жалпы ауытқу сомасы 2016 жылы 100,9 млрд. теңгені құрады немесе жоспар 12 %-ға толық орындалмады.

*Ұлттық экономика министрлігидайындаған мониторинг деректері  
Бұдан әрі мәнін бойынша - ҰҚБК*





Бағдарламаның барлық 5 бағыты жетістік түрінде көрсетілген:

10 тікелей көрсеткіш және 30 іс-шара

Осы талдаудың мақсаты – бес стратегиялық міндеттің іске асырылу нәтижелілігі мен тиімділігіне қол жеткізу дәрежесін айқындау

2015 жыл және 2016 жылғы 9 ай бойынша Инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы

Бес міндеттеме бойынша 30 іс-шараның үлес салмағы Бағдарламаның 73 іс-шарасының 41,1% құрайды. 10 тікелей көрсеткіштің үлес салмағы 35,7% құрайды.

Айта кететін жайт, Бағдарламаның бес бағытының 30 іс-шарасы бойынша инфрақұрылымның дамуы әртүрлі сипат алады.

Сөйтіп, 18 іс-шара бойынша инфрақұрылым объектілерінің құрылысы көзделген, 6 іс-шара бойынша – қаржыландыруды ұйымдастыру, 4 іс-шара бойынша – Қазақстан аумағында геологиялық-барлау жұмыстары және 1 іс-шара – ұйымдастырушылық мәселе. Жалпы көзделген іс-шаралардың мемлекет инфрақұрылымын дамытуға тікелей қатысы бар.

Бұл ретте іс-шаралар бойынша аяқтау нысаны 14 іс-шара бойынша мемлекеттік комиссияның актілерін ұсынуды көздейді, 5 іс-шара бойынша – пайдалануға беру актілерін, 7 іс-шара бойынша –

кредиттік келісімдерге, шешімдерге және қаржылық лизинг шарттарына қол қою, 4 іс-шара бойынша – орындалған жұмыстардың актісін.

Барлық 30 іс-шара бойынша іс-шараларды орындаудың нақты мерзімдері белгіленбеген және әрбір іс-шара бойынша сандық көрсеткіштер жоқ.

Нақты сандық көрсеткіштердің және іске асыру мерзімдерінің болмауы Бағдарламаны әзірлеу мен жоспарлау деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Оның салдарынан күтілетін көрсеткіштер бір мәнді болмайды және әрбір іс-шара бойынша жауапкершілік айқындалмайды. Бұл факт Бағдарламаның іске асырылу тиімділігіне және 2017-2019 жылдары оның негізгі мақсатына қол жеткізуге теріс әсерін тигізеді.

Бағдарламаның бес бағытын қаржыландыру көздері мен көлемі туралы

Іс-шаралар жоспарына сәйкес 2015-2019 жылдар аралығында

Бағдарламаның бес бағытын іске асыру үшін 2 323,6 млрд. теңге мөлшерінде қаржыландыру көзделген, соның ішінде:

- 2 140,9 трлн. теңге – «Шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылым құруға;

- 91,7 млрд. теңге - индустриялық инфрақұрылымды және туристік инфрақұрылымды дамытуға;


- 35,0 млрд. теңге - Отандық машина жасауды қолдауға (автомобильдер, «Еурокоптер» тікұшақтарын және «Тұлпар Тальго» жолаушылар вагондарын шығаруға);

- 50,0 млрд. теңге – экспортты қолдауға;

- 6,0 млрд. теңге - болжанатын ресурстарды бағалай отырып, Қазақстан аумағының зерделенгендігін қамтамасыз етуге.

Келесі слайдта әрбір бағытты қаржыландыру көлемінің үлес салмағы олардың жалпы сомасына қатысты ұсынылған.

индустриялық инфрақұрылымды және туристік инфрақұрылымды дамыту 3,95%  
 отандық машина жасауды қолдау 1,51%  
 экспортты қолдау 2,15%  
 болжанатын ресурстарды бағалай отырып, Қазақстан аумағының зерделенгендігін қамтамасыз ету 0,26%  
 «Шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылым құру 92,14%



Сөйтіп, қаржыландыру көлемінің 92,14 %-ы «Шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылым құруға бағытталады. Қалған төрт бағыт жалпы қаржыландыру сомасының 7,82 % құрайды.


ҚР Президентінің 2016 жылғы 11 мамырдағы №255 Жарлығымен Бағдарламаға өзгерістер енгізілген бо-

латын, бұл тек қаржыландыру көлемі мен көздерінің өзгерістеріне және/немесе іс-шаралар арасында бюджет қаражатын қайта бөлуге емес, ал басқа да ұйымдастырушылық өзгерістерге жатады.

Алайда 2016 жылғы қарашадағы жағдай бойынша Іс-шаралар жоспарына тиісті өзгерістер енгізілмеген. «Қазақстан Республика-

сындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығының 4.3 «Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру» бөлімінің талаптарына сәйкес Іс-шаралар жоспары мемлекеттік бағдарламаны бекіткен күннен бастап бір ай мерзімде бекітіледі.

**2015-2016 жылдар бойынша Бағдарламаны қаржыландыру көлемі, соның ішінде оның бес бағыты туралы ақпарат**



Жүргізілген талдау көрсеткендей, бүгінгі күні Бағдарламаның қаржыландыру көздерін тек ҚР Ұлттық қор қаражаты, халықаралық қаржы институттарының қаражаты, ұлттық компаниялардың және даму институттарының меншікті қаражаты емес, ал республикалық бюджет қаражаты, Үкіметтің арнайы резерві және БЗЖҚ қаражаты құрайды.

Сөйтіп, 2015 жылы Бағдарламаның іс-шараларын қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен 24 млрд. теңге бөлінген.

2016 жылдың соңына дейін 15,1 млрд.теңге бөлу жоспарланады, бұл ретте 2016 жылғы 11 қарашадағы жағдай бойынша ИДМ 4,7 млрд. теңгені игерді.

Сондай-ақ 2016 жылы ҚР Үкіметінің резервінен қаражат бөлінді. Сөйтіп, 2016 жылы 21 маусымдағы хаттамамен мақұданған 2016 - 2017 жылдары экономикалық өсімді ынталандыру және жұмыспен қамтылуды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар жоспарының (2-ші пакет) 28-тармағына сәйкес ҚР Үкіметінің арнайы резервінен 5,0 млрд. теңге сомасында бюджет қаражатын бөлу көзделген.

«Астана қаласы әуежайының жаңа терминалын салу және ұшып - қону жолағын реконструкциялау» жобасын іске асыру мақсатында «Астана халықаралық әуежайы» АҚ-ның

жарғылық капиталын ұлғайту үшін «Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы резервінен қаражат бөлу туралы» ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 597 қаулысымен 5,0 млрд. теңгесомасында қаражат бөлінген.

2016 жылғы 1 қарашада ИДМ көрсетілген қаражатты «Астана халықаралық әуежайы» АҚ-ның шотына аударды. ҚР Үкіметінің арнайы резервінен бөлінген 5,0 млрд. теңге сомасында қаражат есебінен жедел сатыларды, жүкті автоматты өңдеу жүйесін орнату, перрон құрылысы бойынша жұмыстар орындалып жатыр.

2015 – 2016 жылдары Бағдарламаны іске асыру үшін Бірыңғай зейнетақы жинақтау қорынан 130 млрд. теңге мөлшерінде қаражат тарту енгізілген өзгерістердің елеулі фактісі болып табылады, соның ішінде:

- 1) «ҮИМТ» АЭА алаңында іске асырылатын бағдарламаның» 1-фазасы «Ықпалдастырылған газ-химия кешені» жобасын қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның облигациялар шығарылымы арқылы 35 млрд. теңге;
- 2) 2016 жылы «Семей - Ақтоғай - Талдықорған - Алма» қуаты 500 кВ электр беру желісін салу» жобасының екінші сатысын қаржыландыру үшін «KEGOC» АҚ-ның облигациялар шығарылымы арқылы 47,5 млрд. теңге;

3) «ҚДБ-Лизинг» АҚ отандық өндірістің жүк вагондарын лизингтік қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ-ның облигациялар шығарылымы арқылы 17,5 млрд. теңге;

4) 2016 жылы экспорттаушыларды экспортқа дейін (экспорттық) кредиттеу үшін «ҚДБ» АҚ-ның облигациялар шығарылымы арқылы 30 млрд. теңге.

Осылайша, 82,5 млрд. теңге немесе 63,5% БЗЖҚ қаражаты Бағдарламаның бес бағытын іске асыруға бағытталған. Алайда Бағдарламаны қаржыландыру көзі ретінде БЗЖҚ қаражаты Бағдарламаның төл құжатында жазылмаған.

«ҚДБ-Лизинг» АҚ-ны отандық өндірістің жүк вагондарын лизингтік қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ-ның облигациялар шығарылымы арқылы бағытталған 17,5 млрд. теңге мөлшерінде БЗЖҚ қаражаты 5,9-бөлімінің міндеттеріне сәйкеспейді. Отандық өндірістің тек «Тұлпар Талго» жолаушылар вагондарын нысаналы қолдау көзделген бағдарламалар.

Айта кететін жайт, Ұлттық қор қаражатын бөлу, қайта бөлу туралы ҰҚБК-нің шешімдері, сондай-ақ БЗЖҚ қаражатын тарту бойынша шешімдер бюджетті атқару үшін негіз болып табылатын құжат ретінде ҚР Бюджет кодексінде көрсетілмеген.

003 «Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту» бағдарламасы, кіші бағдарлама: 004 «Сыртқы қарыздар есебінен», 005 «Ішкі көздер есебінен», 016 «Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен»  
 003 «Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту» бағдарламасы, кіші бағдарлама: 004 «Сыртқы қарыздар есебінен», 005 «Ішкі көздер есебінен», 016 «Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен»  
 Бұдан әрі мәтін бойынша БЗЖҚ аббревиатурасы қолданылады  
 «Отандық машина жасауды (автомобильдер, «Еврокоптер» тікұшақтарын және «Тұлпар Талго» жолаушылар вагондарын шығару) дамыту

## «Шұғыла» қағидаты бойынша тиімді көлік-логистикалық инфрақұрылым құру

«Шұғыла» қағидаты мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) автомобиль жолдарының 13 бағыты бойынша автомобиль жолдарын дамыту;
- 2) теміржол желілерінің екі бағыты бойынша теміржол секторын және логистиканы дамыту;
- 3) паром өткелінің құрылысы - 1-іс-шара;
- 4) әуежайды реконструкциялау – 1-іс-шара.



**Бұл міндетке қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:**

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	өлш. бірлігі	2015 жоспар	2015 іс жүзінде	2016 жоспар	2016 іс жүзінде
Автожол жобаларын іске асыру нәтижесінде бір бағыттағы хаб қалалар арасындағы орташа жол жүру уақыты	сағат	115	115	115	*
Боржақты –Ерсай учаскесі бойынша жүк тасымалдау	млн.тонна			2,4	0,193
Алматы 1 - Шу учаскесі бойынша өткізу мүмкіндігі	жылына млн. тонна	25	16,64	25	13,15
Құрық к. жүктерді ауыстырып тиеу	млн.тонна				
Астана қ. әуежайының жолаушыларды өткізу мүмкіндігі	жылына млн. адам	3	3,3	3	2,6

### Автомобиль жолдарын дамыту

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл міндетке 2015 жылы ҚР Ұлттық қор қаражатынан 226,8 млрд. теңге бөлу жоспарланған болатын, 20,1 млрд. теңге - қарыз қаражаты және 2,5 млрд. теңге – ұлттық компаниялар мен даму институттарының меншікті қаражаты. 2016 жылға ҚР Ұлттық қор қаражатынан 149,7 млрд. теңге бөлу көзделді, 332,3 млрд.теңге – қарыз қаражаты және 29,4 млрд. теңге - меншікті қаражат.

ҰЭМ және ИДМ ақпараты бойынша «Самұрық - Қазына» ҰОҚ» АҚ және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ орындаушыларға іс жүзінде 2015 жылы 243,4 млрд. теңге бөлген және 2016 жылғы 9 айда – 136,2 млрд. теңге.

13 іс-шара бойынша аяқтау нысаны мемлекеттік комиссияның актілері болып табылады, ал 4 іс-шара бойынша – пайдалануға беру актілері. Бұл ретте барлық іс-шаралар құрылыс объектілеріне жатады.

Мемлекеттік комиссия актісіне қол қою – бұл автомобиль жолының барлық желісінің құрылысын аяқтау нысанының көрсеткіші емес, ал іс-шараны орындау процесін рас-

таушы құжат, яғни жекелеген жол учаскелерінің құрылысын аяқтау бойынша аралық сапалы көрсеткіш ретінде енгізілуі мүмкін.

Бұдан басқа, осы іс - шараларды жоспарлаған кезде автомобиль жолдары құрылысының ұзындығы ескерілмеген. Олар құрылысы Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспарында жылдарға белгіленуге тиісті учаскелерге бөлінген.

Талдау барысында автомобиль жолдары құрылысының төмен деңгейде жоспарланғандығы анықталды. Бағдарламаны әзірлеушілер бюджет қаражатының нысаналы бағытын нақтыламай, жылдар бойынша жалпы соманы айқындаумен шектелген. Бұл мемлекеттік маңызы бар міндеттерге жауапты органдардың төмен үйлесімін және мемлекетаралық өзара іс - қимылын білдіреді.

Сөйтіп, Бағдарламаға сәйкес Орталық-Оңтүстік автомагистралін (Астана - Қарағанды - Балқаш - Күрті - Қапшағай - Алматы) салу және реконструкциялау үшін Ұлттық қордан 120,0 млрд. теңге бөлу көзделген, соның ішінде 57,0 млрд. теңге - 2015 жылы, 57,0 млрд. теңге және 63,0 млрд. теңге - 2016 жылы.

Бірақ 2015 және 2016 жылдары салынатын жолдар көрсетілмеген. Бұл факт тек осы жолдың ғана емес, ал басқа да жолдар құрылысының аяқталу дәрежесі бөлігінде түсініксіздік туындаатады.

### 1 жоба – «Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы» автожолын реконструкциялау

Сөйтіп, ҰЭМ ақпараты бойынша «Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы» автожолын реконструкциялау және жобалау - іздестіру жұмыстарын іске асыру жобаның күрделі қаржы сыйымдылығына және 2016 жылғы республикалық бюджетте қажетті ақшалай қаражаттың болмауына байланысты уақытша тоқтатылды.

Бұл ретте бөлінген қаражатты тиімді игеру және іске асырылатын Батыс Еуропа – Батыс Қытай, Орталық - Оңтүстік және Орталық-Шығыс жобаларының басымдығы мақсатында «Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы» автожолын реконструкциялауды және жобалау - іздестіру жұмыстарын қаржыландыруға көзделген қаражат «Орталық-Шығыс» жобасына қайта үлестірілген болатын.

Индикатор жыл қорытындысы бойынша айқындалатын болады  
2016 жылғы 9 ай қорытындысы бойынша ақпарат

**2 жоба – «Үшарал-Достық» автожолын реконструкциялау және жобалау - іздестіру жұмыстары**

Экономикалық қорытындының болмауына байланысты, 2015 жылы Мемлекет басшысының 2015 жылғы 19 тамыздағы № 3469 тапсырмасымен және РБК-ның 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 21 шешімімен «Үшарал-Достық» автожолын реконструкциялауға және жобалау-іздестіру жұмыстарына жоспарланған 0,2 млрд. теңге мөлшерінде қаражат «Орталық-Шығыс» дәлізінің құрылысына қайта үлестірілді.

«Үшарал-Достық» автожолын реконструкциялауды қарыз қаражаты есебінен бастау жоспарланып отыр. Осы мақсатта 2015 жылы ТЭН әзірленді және қазіргі уақытта Эксимбанкпен мемлекеттік қарыз-

дарды тарту бойынша келіс сөздер жүргізіліп жатыр.

**Теміржол секторын және теміржол желілерінің екі бағыты бойынша логистиканы дамыту және паромдық өткел салу**

Ел ішіндегі жүк тасымалын және Иран, Қытай, Ресей, ЕО елдері бағытында жүк айналымын ұлғайту бойынша қолайлы жағдай жасау үшін «Боржақты – Ерсай» теміржол желісінің, Құрық портындағы паром өткелінің құрылысы және «Шу – Алматы-1» учаскесін электрлендіре отырып, жалпақ рельсті екінші жолдардың құрылысы көзделген. Сондай-ақ бұл іс-шараны іске асыру «ҚазМұнайГаз» АҚ кеме жасау/кеме жөндеу зауытына, «Ерсай» ЖПС металл конструкциялары зауытына және Құрық портының аумағына жақын орналасқан өзге объектілерге көлік қызметін көрсе-

туді қамтамасыз етеді деп күтілген болатын.

2014 жылы Құрық портын теміржол магистралімен байланыстыратын «Боржақты – Ерсай» теміржол желісінің құрылысы басталды, оны 2015 жылы аяқтау жоспарланған болатын. Алайда 2016 жылы Боржақты – Ерсай теміржол желісінің құрылысы аяқталғанмен, Құрық портындағы паромдық кешеннің құрылысы әлі аяқталған жоқ.

Осы бағытты іске асыру нәтижесінде Боржақты – Ерсай учаскесі бойынша 2016 жылы 2,4 млн. тонна мөлшерінде жүк тасымалдауын ұйымдастыру күтілген болатын. Алайда 2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша аталмыш учаске бойынша бар болғаны 0,193 млн. тонна жүк тасымалданған немесе жоспар 92%-ға орындалмады.

**Индустриялық инфрақұрылымды және туризм инфрақұрылымын дамыту**

3 іс-шара

- 1) «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА кешенді дамыту;
- 2) «ҰИМТ» АЭА аумағында инфрақұрылым объектілерін салу, соның ішінде: өндірістік инфрақұрылым (ГТЭС, техникалық газдар бойынша қондырғы);
- 3) «ҰИМТ» АЭА аумағындағы кейінгі инфрақұрылым құрылысы үшін қаражат бөлу мәселесін пысықтау



**Бұл міндетке қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:**

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	өлш. бірл.	2015 жоспар	2015 іс жүзінде	2016 жоспар	2016 іс жүзінде
АЭА аумағында кәсіпорындар салған жекеше инвестициялардың жалпы көлемі («ҰИМТ», «Қорғас-Шығыс қақпасы»)	млрд. теңге	70,6	42,3	437,9	225,9
АЭА аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі («ҰИМТ», «Қорғас-Шығыс қақпасы»)	млрд. теңге	6,9	0,0917	13,3	1,40418

Отандық орындаушы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ деректері бойынша алғашқы екі іс-шара орындалу сатысында тұр. «ҰИМТ» АЭА аумағындағы кейінгі инфрақұрылым құрылысы үшін қосымша қаражат бөлу туралы іс-шара орындалды. Сөйтіп, ҰҚБК-нің 2016 жылғы 20 ақпандағы №01-9.1 шешімімен 10,0 млрд. теңге мөлшерінде қаржыландыру мақұлданды.

Жалпы 2015-2016 жылдарда үш іс-шараны іске асыру үшін «Самұрық - Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның жар-

ғылық капиталын 90,8 млрд. теңге сомасына толтыру жүзеге асырылды, соның ішінде 80,8 млрд. теңге сомасы - 2015 жылы, 10,0 млрд. теңге – 2016 жылы.

Бұдан басқа, 2015-2016 жылдары «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның меншікті қаражаты тартылған болатын. Сөйтіп, 2015 жылы 10,7 млрд. теңге бөлу жоспарланған болатын, іс жүзінде компанияның 5,8 млрд. теңге мөлшерінде меншікті қаражаты немесе жоспарланған соманың 54,2%-ы бағытталды.

2016 жылы жоспар бойынша меншікті қаражатты бағыттау жоспарланбаған, бұл ретте 2016 жылғы 9 ай бойынша ҚТЖЗ,4 млрд. теңге бөлген.

Бұл ретте «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА кешенді дамыту бөлігінде ұсынылған ақпарат бойынша 2015 жылы Ұлттық Қор қаражатынан бөлінген 12,3 млрд. теңгенің 2016 жылғы қарашадағы жағдай бойынша тек 82,9 %-ы немесе 10,2 млрд. теңге игерілді.

ҰЭМ-нің Бағдарламаға жүргізген 2015 жылғы мониторинг деректері бойынша  
2016 жылғы қыркүйекке арналған ИДМ деректері бойынша  
Бұдан әрі мәтін бойынша - КТЖ

«ҰИМТ» АЭА аумағында инфрақұрылым объектілерін салу бойынша іс-шара «ҰИМТ» АЭА инфрақұрылым объектілерін екі бағыт бойынша салуды көздейді:

1) Газ турбиналы электрстанциясы (ГТЭС);

2) Техникалық газдар бойынша қондырғы.

ГТЭС құрылысының жобасы бойынша 2014 жылғы 27 желтоқсанда «Karabatan Utility Solutions» ЖШС, Doosan Heavy Industries & Construction консорциумы және «ҚазНИПИ Энергопром» институты» АҚ арасында ЕРСМ-келісім-шарты жасалды, оның сомасы 310 млн. АҚШ долларын құрайды, бұл 56 531 600 мың теңгеге (1 АҚШ долларына 182,3 теңге бағамы бойынша) сәйкесті.

ЕРСМ-келісім-шарты аясында жобаның жобалау-металдық құжаттамасы әзірленді, ол «Мемсараптама» РМК-ның қарауында жатыр. Мұнымен қоса, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жасалған шарттар бойынша негізгі технологиялық жабдықты дайындауға тапсырыс берді.

«Техникалық газдар қондырғысы» атты жоба бойынша

Полиэтилен және бутадиен өндірісі бойынша жобалардың уақытша тоқтатылуына байланысты, болашақта басқа да жобаларға кеңейту мүмкіндігімен бастапқы кезеңде тек КРІ жобасының қажеттіліктерін ғана ескере отырып, инфрақұрылым объектілерін оңтайландыру бөлігінде жобаның ТЭН түзету жүзеге асырылады.

Жалпы 2016 жылғы қарашадағы жағдай бойынша осы шара аясында 16,3 млрд. теңге игерілді, ал 31,7 млрд. теңге мөлшеріндегі сома екінші деңгейдегі банктердің валюталық тәуекелдерін азайту үшін олардың аккредитивіне берілді.

Мұнымен қоса, осы іс-шараларды қаржыландыруға қарамастан, бұл бағыттың екі тікелей көрсеткішіне қол жеткізілмеген.

«АЭА аумағында кәсіпорындар салған жеке инвестициялардың жалпы көлемі («ҰИМТ», «Қорғас-Шығыс қақпасы») көрсеткіші бойынша жоспарланған 70,6 млрд. теңге сомасының іс жүзінде 42,3 млрд. теңге сомасы инвестицияланды.

Аталмыш көрсеткішке қол жеткізбеу әлемдік нарық конъюнктурасының нашарлауына және ТЭН-ге түзету енгізуге байланысты LG Chem Ltd. (Корея Республикасы) стратегиялық серіктесінің полиэтилен шығару бойынша ықпалдастырылған газ химиясы кешенінің Екінші фазасының құрылысы бойынша жобадан шығумен түсіндіріледі.

Тек полипропилен өндіру бойынша жобаға есептелген өндірістік қуатты азайта отырып, жалпы зауыт инфрақұрылымының бірінші кезектегі объектілерін бөлу және техникалық газдарды өндіру, су өңдеу және ағынды суларды тазарту бойынша қондырғының конфигурацияларын қайта қарау жолымен «ҰИМТ» АЭА инфрақұрылым объектілерін оңтайландыру бойынша шаралар қабылданды.

Бұл құбылмалы валюта бағамына өтумен және сатып алы-

натын жабдықтың қымбаттауымен түсіндіріледі.

«ҰИМТ» АЭА-ның түзетілген ТЭН сәйкес және бұрын жобаланған жалпы зауыт инфрақұрылымы объектілерін (булағыш тоған және магистралді су құбыры) есепке ала отырып, «ҰИМТ» АЭА инфрақұрылымының жалпы құны құнысызданусыз 229 млрд. теңгені құрады. Сонымен бірге ГТЭС құны құнысызданумен 37,7 млрд. теңгені құрады.

«АЭА аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі («ҰИМТ», «Қорғас-Шығыс қақпасы») көрсеткіші бойынша тауар өндіру көлемі 6,9 млрд. теңге сомасына жоспарланған болатын, бірақ іс жүзінде бұл көрсеткіш 0,09 млрд. теңгені құрады.

Бұл көрсеткішке қол жеткізбеу өндіріс объектілерін, әсіресе 2015 жылғы 19 қазанда іске қосылған полимер өнімін өндіру бойынша объектіні пайдалануға кеш берумен, сондай-ақ инфрақұрылымның толық дайын болмауымен түсіндіріледі.

Айта кететін жайт, іс-шаралар және тікелей нәтижелер арасында туристік инфрақұрылымға жататын мәселелер жоқ. Бюджет қаражатын пайдаланғаны үшін есептілік пен жауапкершілікті, туристік инфрақұрылымды кешенді дамыту бойынша қойылған міндеттерді күшейту мақсатындасаланы дамыту бойынша жекелеген іс-шара және осы сала үшін жекелеген тікелей нәтиже әзірлеу қажет.

### Отандық машина жасауды қолдау

Отандық машина жасауды қолдау 4 іс-шараны қамтиды:

1) Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларды ЕДБ арқылы негізделген қаржыландыру;

2) Отандық өндірістің автокөлік құралдарын және арнайы мақсаттағы автотехниканы сатып алушыларды лизингтік қаржыландыру;

3) Отандық өндірістің «Еурокоптер» тікұшақтарын сатып алушыларды лизингтік қаржыландыру («Қазавиаспас» АҚ);

4) Отандық өндірістің жолаушылар вагондарын сатып алушыларды лизингтік қаржыландыру («ҚТЖ» ҰК» АҚ немесе «ҚДБ» АҚ талаптарына сәйкесетін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымы)

Тікелей нәтижелер Бағдарламада айқындалған

Бұл тікелей нәтиже Президенттің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 255 Жарлығымен алынғын тасталды

Осы бағыт бойынша тікелей нәтижелер тек 2017 ж. күтіледі



Міндеттерге қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенеді .

Тікелей нәтижелер көрсеткіші	өлш. бірл.	2015 жоспар	2015 іс үзінде	2016 жоспар	2016 іс үзінде
Бағдарлама шеңберінде автомобильдер сату көлемі	дана	1500	4428	2000	3304
Қазақстан Республикасының аумағын отандық тікұшақтарды пайдалана отырып, авиациялық қолдаумен қамту	%	69		87	
Бағдарлама есебінен теміржол көлігіндегі жолаушылар айналымы	млн. жолаушылар -км				

Осы іс-шараларды қаржыландыру үшін 2015ж. ҚР Ұлттық қорқаражатының 35,0 млрд. теңге сомасын пайдалану жоспарланған болатын, ал 2016 - 2019 жылдары осы іс-шараларды іске асыру үшін қаржыландыру жоспарланбаған.

Бұл ретте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ нақты деректері бойынша, ол 2015ж. 22,8 млрд. теңге немесе 67,1% алды. «Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларды ЕДБ арқылы негізделген қаржыландыру» іс-шарасы бойынша 1,2 млрд. теңге мөлшеріндегі соманы алмау, сондай-ақ 2015ж. «Отандық өндірістің «Еурокоптер» тікұшақтарын сатып алушыларды лизингтік қаржыландыру («Қазавиаспас» АҚ)» іс-шарасын қаржыландырмау нәтижесінде 11,2 млрд. теңге сомасына ауытқуорын алды. Көрсетілген іс-шараға жоспар бойынша 10,0 млрд. теңге бөлінуі тиіс еді.

Алайда ҰҚБК-нің 2015 жылғы 28 тамыздағы шешімімен (№01-9.3 хаттама) отандық тікұшақтардың өндірісін қолдауға арналған 10,0 млрд. теңге мөлшерінде қаражат отандық автоөндірушілерді қолдауға қайта үлестірілді.

Мәселелер заңнамалық деңгейде пысықталмағандықтан, осындай шешім қабылданды. Әсіресе, бюджеттік ұйымдар үшін тікұшақ қызметтері бойынша бірыңғай операторды айқындау бөлігінде, сондай - ақ 2015ж. мемлекеттік немесе корпоративтік кепілдік түрінде қамтамасыз ету рәсімдерінің аяқталмауына байланысты бюджет және салалық заңнамаға өзгерістер енгізу талап етілді.

Осыған байланысты, төрт іс-шараның біреуі орындалмады, сәйкесінше «Қазақстан Республикасының аумағын отандық тікұ-

шақтарды пайдалана отырып, авиациялық қолдаумен қамту» іс-шарасы бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілмеді. Бұдан басқа, көрсеткіш ретінде тікелей нәтиже ҚР Президентінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 255 Жарлығымен Бағдарламадан алынып тасталды.

Осылайша, Инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу тиімділігіне жүргізілген талдау Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өрлеуін қамтамасыз ету мақсатында «шұғыла» қағидатында тиімді инфрақұрылым құру негізінде елдің макроөңірлерін ықпалдастыру арқылы бірыңғай экономикалық нарық қалыптастыру бойынша Бағдарламаның мақсатына белгіленген мерзімде қол жеткізбеу тәуекелін көрсетеді.



Бұдан әрі мәтін бойынша - ҰЭМ  
 Кесте Инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекітуді туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 Жарлығынан алынды  
 2017 жылғы наурызда Бағдарламаға мониторинг жүргізу кезінде бағаланатын болады(ҰЭМ)

Горяинов А.В.

Член Счетного комитета по контролю  
за исполнением республиканского  
бюджета

## Анализ эффективности хода реализации Государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015–2019 годы по отдельным направлениям

Данная статья посвящена анализу эффективности хода реализации Государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015 - 2019 годы по отдельным направлениям за период 2015 год и 9 месяцев 2016 года, где объектами анализа явились Министерства по инвестициям и развитию и национальной экономики, а также 9 субъектов квазигосударственного сектора.

Ключевые слова: реализация программы «Нұрлы жол», транспортно-логистической инфраструктура, «лучевой» принцип, индустриальная инфраструктура, целевая поддержка отечественного производства.

Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015 - 2019 годы разработана в целях реализации Послания Главы государства народу Казахстана «Нұрлы жол - путь в будущее» от 11 ноября 2014 года. Основанием для разработки послужил Общенациональный план по реализации Послания Президента РК народу Казахстана «Нұрлы жол - путь в будущее».

В результате, 6 апреля 2015 года Указом Президента Республики Казахстан № 1030 была утверждена Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015-2019 годы.

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 апреля 2015 года № 344 был утвержден План мероприятий по реализации Государственной программы ин-

фраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2015-2019 годы (далее – Программа).

Разработчиком Программы является Министерство национальной экономики, и ответственными за реализацию Программы определены отдельные центральные и местные государственные органы.

Вместе с этим, с момента реализации программы Указом Президента РК от 11 мая 2016 года № 255 были внесены изменения в Программу.

Согласно 92 шагу Плана нации «100 конкретных шагов» по реализации пяти институциональных реформ Главы государства, одобренного на заседании Национальной комиссии по модернизации 15 марта 2016 года № 20-5/и-6, предусмотрена интеграция основных положений Государственной про-

граммы развития и интеграции инфраструктуры транспортной системы РК до 2020 года в Программу «Нұрлы жол».

Целью Программы является формирование единого экономического рынка путем интеграции макрорегионов страны на основе выстраивания эффективной инфраструктуры по «лучевому» принципу для обеспечения долгосрочного экономического роста Казахстана.

Всего Планом мероприятий по всем 13 стратегическим задачам предусмотрено достижение (исполнение):

- 4 целевых индикаторов;
- 28 показателей прямых результатов;
- 73 мероприятий.

Достижение цели Программы измеряется следующими целевыми индикаторами.

Целевые индикаторы	ед. изм.	2015 план	2015 факт	2016 план	2016 факт
Обеспечение прогнозируемого роста ВВП	% к пред.году	101,5	101,2	100,5	
Эффект реализации программы «Нұрлы жол» на рост ВВП	в процентных пунктах	1,83	1,4	1,29	
